

**ҚАЗАҚ
МӘДЕНИЕТІНДЕГІ
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ
ИДЕЯСЫ**

Қазақстан қоғамында қалыптасқан бүгінгі жағдай әлеуметтік, рухани құндылықтардың басын қосып, бір игі мақсаттың, елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мүдденің кәдесіне жарату қажеттілігін алға тартып отыр. Шарасынан шыққан жаһандық дүрбелеңдердің салқыны тәуелсіз Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік келбетін шарпып тұрғаны жасырын емес. Оның негізгі ағысы дінаралық қақтығыстар, лаңкестік және экстремистік пиғылдағы арнайы топтардың қимыл-әрекетінен байқалып отыр. Осы орайда, бөгде пиғылды, жат пікірлі субъективтік күштердің елдің қауіпсіздігі мен бейбітшілігіне нұқсан келтіруге бағытталған шараларына тойтарыс беріп, әлемдік тыныштықты тұрақтандыруға арналған іргелі жобаларды жүзеге асыру кезек күттірмес мәселеге айналды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақ топырағындағы ынтымақтастық пен татулық қағидаларының әлеуетіне аса үлкен маңыз бере отырып, толеранттылықты қазақстандық үлгісін жария еткені де ХХІ ғасырдың бергі кенерінде жүзеге асты. Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ына төрағалылығы барысында мемлекет басшысы Н. Назарбаев әлемдік қауымдастықты «Т» әрпімен басталатын төрт сөзге ерекше мән беруге шақырды: Tolerance (төзімділік), Trust (сенім), Tradition (дәстүр), Transparency (ашықтық, жариялылық) [1, 7].

Осы аталған ұғымдар төңірегіне шоғырланатын құндылықтардың болашақта Қазақстанды дүние жүзіне бірегей бейбітшілік отанына айналдырудағы ролі үлкен болмақ. Бұл ұстанымдардың ішінде, әсіресе, толеранттылық тұғырнамасының орны айрықша. Себебі бағзы дәуірден бастап, дін адамдардың сенім, моральдық құндылықтар бастауы ретінде тұрмыс-тіршілігі, рухани және заттық мәдениетіне өшпестей ізін қалдырды. Адамға материалдық игіліктер, тұрмыс қажеттіліктері қандай қажет болса, сенім де соншалықты қымбат. Сенімі үшін адам өзін-өзі құрбандыққа шалады, сенімі үшін не нәрседен болсын тайынбай, өзінің ұстанған дінін өзгелердің дінінен артық санайды. Жалпы әр дәуірде өмір сүрген адамзат ғұламалары осы күрделі мәселеге барынша бас қатырып, осы жайтты әр қырынан шешуге тырысады. Бірақ дәлелденбейтін бір ақиқат – жан-дүниесіне берік

орныққан діни түйсік соны ұстанған адамның өміріне жол бастаушы. Осы тұрғыда орыстың ұлы ойшылы ғұламасы Л.Н. Толстой былай деп өзінің күнделігінде жазады: «Бір ақиқат: Құдайға жан-тәніңмен берілу. Адал жолдан айнымай жүріп, қалған дүниенің шырғалаңы мен тағдыр тауқыметін Жаратушы Иеңе тапсырсаң болды. Мейлі ажал тап, мейлі өл. Өзелде не жазылған болса, сол болуға тиіс. Пешенеңе жазылған нәрсенің өзі саған шаттық әкелмек. Өмірде адал жолмен жүргісі келетін адамға дін мен қайырлы істен басқа ештеңе жол серік бола алмайды» десе, тағы бірде «Адам екі түрлі жағдайда ғана тыныштық табады. Жаныңды жеген қайғыдан, дүниенің шуынан тыныс тауып, үлкен күрес, үлкен дауылдан кейін тыншы қалу. Бұл – тәннің тыныштығы. Және барынша шаттыққа бөленетін екінші бір тыныштық – жанның тыныштығы да бар [2, 45]. Адам мұндай халге дін жолымен жүріп-тұрған кезде ғана жетпек. Бұл саналы түрде Құдаймен, барлық ғаламмен бірігу, барлық нәрсеге деген махаббаттың салтанат құруы. Барлық таза, кінәсіз мақұлықтарды жан-жүрегіңмен беріле сүю. Арман-тілегің мен құштарлығыңды құрбандыққа шалып, ғаламдық өмірге басты біржола байлау. Өз еркінді оның өзінің мөлдір бастауына ұластыру. Жұдырықтай жүректің жұмақ тыныштыққа еніп, басқа бақыттың орнайтыны осы кезде», – деп ағынан жарылады. Л.Толстой өзінің бір жыл бойы үзбей жазған туындысы «Круг чтения» еңбегінде он төрт күндік толғанысын дін мен діни төзімділік тақырыбына арнаған. Осыған қарағанда, дін және онымен қатар жүретін діни төзімділік ұғымының бұдан үш-төрт ғасыр бұрын да кеңінен танымал болғандығын аңғаруға болады. Бұған қатысты Толстойдың еңбектерінен тәлім алған қазақ данасы Ш.Құдайбердіұлы «Иманым» атты жинағында: «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар // Ешбірі түзу емес көңіл ашар // Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді // Тексерсең ойың түгіл, жаның сасар // Әлемдегі діндердің түп мақсұты // Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар // Құдай бар, ұждан дұрыс, қиямет шын // Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар» [3, 36] деп сол кезеңдегі соғыстардың түпкі себебін діни қайнаркөзден іздейді және дұрыс анықтайды. Расында шатақ діннің кесірінен ел мер жер қанға бөгіп, қырғынға ұшырайды. Ал бір елдің ішінде әр діннің өкілдері өмір сүре отырып, тату-тәтті тіршілік ету адамзатқа бұйырмай келген арман. Әлем халқы бірнеше ғасырлар бойы зардабын тартқан діни төзімсіздік факторларының Қазақстанның тәуелсіздігіне де тигізетін зарда-

бы мол. Сондықтан толеранттылық қағидаларын қоғамдық өмір көрінісіне, сонымен қатар жеке тұлғалардың сана-сезіміне орнықтыру қажеттілігі күн өткен сайын сезіліп келеді.

Ұлтаралық қақтығыстар да көбінесе құндылықтар қақтығысынан (тіл, дін, жер т.б. үшін) туындайды. Мұндай қақтығыстың масштабы да үлкен болады. Өйткені, бұған екі немесе одан да көп ұлт өкілдері жаппай қатысуы мүмкін. Және құндылықтар қақтығысының тарихи тамыры да тереңге кетеді. Өйткені, құндылықтар дегеніміз мәдени құбылыс. Осылардың ішінде «Адамдардың сый-құрметіне қол жеткізу» құндылығы – бейбітшілік орнатушы негізгі фактор. Адамдар үшін бұл құндылықтың маңызы көбіне білімді, сауатты қоғамда арта түседі. Қазақ мемлекеттілігі тұтастық сақтау үшін көбінесе тек құндылықтарға сүйенді деп айтуға болады. Қазақтардың құндылығының қалыптастыруда діни толеранттылықтың да маңызы зор болып саналады.

ҚР ҰҒА Философия және саясаттану институтының 1997 жылы мешіттер мен шіркеулерде жүргізген әлеуметтік сауалнамасының нәтижесі бойынша «адам өлтірме» («не убей») деген өсиетті православтардың 92 пайызы құптаса, мұсылмандардың 40 пайызы ғана дұрыс көреді [4, 192-193]. Православтардың 88 пайызы өзінің ұлттық дәстүрлерін үйімізде сақтаймыз деп жауап берсе, мешіттегілердің 75 пайызы бұл сұрақты жауапсыз қалдырған да, тек 25 пайызы ғана дінге сәйкес келетін дәстүрлерді ұстанатынын жазған. Ал, православтардың 65 пайызы өздерінің ұлттық салт-дәстүрлерін білетінін айтса, мешіттегілердің 80 пайызы бұл сұраққа жауап беруді қажет деп таппаған. Ал, «теңдік», «әділдік», «адам құқы», «күш қолданбау», «бөтен діндерге төзіммен қарау» деген сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды 78 пайыз православтар қолдаса, мешітке келетіндердің 25 пайызы ғана құптаған. Демек, бұл жағдай ел арасында дәстүрлі исламның негізінде діни-ағарту жұмыстары жүргізілуі қажет екендігін көрсетеді.

Осыны ескере отырып, төл топырағымызда халқымыздың мінезімен үндесіп жатқан осы дәстүрлі исламды Президентіміз Н.Ә. Назарбаев жаңғыртуды ұсынады. «Қазақстанда біржолата орныққан Исламдық дін таным үлгісін одан әрі идеологиялық тұрғыда дамытып, біздің теологтар исламдық мұраларды жаңғыртып, еліміздегі мұсылман қауымының қажетіне жаратуы керек» [5, 105].

Қазақ халқының мұсылмандығы жоғарыдағы себептермен исламның сыртқы құлшылық фор-

малары мен амалдарына байланып қалмай, діннің ішкі маңызын терең игерген, бейбіт һәм демократияшыл мұсылмандық болды. Соның арқасында қазақтың қонақжай мінезі, адамзатты жатырқамайтын ашық-жарқындығы қалыптасты. Қожа Ахмет Ясауи құдайды танудың және оған жетудің құлшылық үлгісімен қатар, адамдардың өз нәпсісімен күресе отырып, жоғары тазалық арқылы бару жолдарын да көрсетті. Сондықтан ислам көшпелі тұрмыс кешетін қазақтың өмір салтына айнала білді.

Қазақ дәстүрлеріндегі ең ұлы ұлағат – «біреудің игілігі үшін, өзгенің бақыты үшін өмір сүр!» деген діннің негізгі ережесін күнделікті тұрмысқа кіргізіп жібергендік. Қазақ халқының барлық әдет-ғұрпы – адам дүние есігін ашқаннан (жарыс қазан, шілдехана, бесік той, тұсау кесу т.б.) бастап, үйленгендегі (ұзатылғандағы) той-томалағы (неке қию, есік көру, қоржын сөгу, сыңсу, өңір салу), өлік жөнелтуіне дейін (жетісі, қырқы, жылы, ас беру) көпшілікпен, адамдардың бір-бірінің қуанышы мен қайғысын бөлісу, бір-біріне жомарттық көрсету, көмектесу түрінде атқарылады. Яғни, қазақы салт-дәстүрмен өскен адам діни төзімділіктің негізгі принциптерін бойына мықтап сіңіреді.

Қазіргі қоғамда да діни төзімділік қағида-дәстүрлерінің қоғамда кең таралуы үшін кешенді зерттеулер мен жалпыхалықтық қолдау қажет. Қазақстан тәуелсіздік алғалы құқықтық, зайырлы мемлекет ретінде демократиялық құндылықтарды барынша дамытып келеді. Осы бір сын сағатта, тәуелсіздігіміздің туы желбіреп азат елге айналған шағымызда, тарихи сүрлеу негізінде және жалпыадамзаттық құндылықтар қорымен саяси модельді барынша дамытып, халқымыздың арасында төзімділікке бастайтын рухани ағартушылық, құқықтық сауаттылық пен азаматтық қоғам сұраныстарына сай мәдени өлшемдерді дамыту – өте өзекті міндет. Осы бағытта Елбасымыз маңызды бастамаларды тек еліміздің шеңберінде ғана емес, әлемдік деңгейде көтеріп келеді. Тату тірлік пен баянды бірліктің берік негізін қалауға себеп боларлық бұл саясат – жалпыхалықтық қолдауға ие болып отыр. Сонымен қатар, әлемдік қауымдастықтар мен мемлекеттер Қазақстанның бірлікке, татулыққа негізделген мемлекеттік моделін, саяси бағдарын оң бағалауда. Олар: Әлемдік және дәстүрлі діндердің съезі, Қазақстан халқы ассамблеясы, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуімен, Ислам конференциясы ұйымының жетекшілігін қолға алуы және осы жұмыстар барысында діни

экстремизм, терроризм, исламофобия, есірткі саудасы, адам құқығы, ядролық қарусыздану, діндер мен мәдениеттер арасындағы диалог секілді ғаламдық мәні бар проблемаларды талқыға салуы мен олардың шешімінің табылуына ұсыныстар айта білуі дер едік.

Толеранттылық – диалог және пікірлер мен ұстанымдардың сан алуандылығы арқылы ақиқатқа қарай жүруге қабілетті күшті де дана халықтың артықшылығы. Бақытымызға қарай, біз осындай құлшыныс пен ұмтылысты осы заманғы Қазақстанның саяси өмірінен кездестіріп отырмыз. Мысал ретінде егемендіктің елең-алаңында Президент Н.Ә. Назарбаевтың жеке бастамасы бойынша белгіленген, жыл сайын атап өтілетін «Рухани келісім» күнін айтуға болады. Тағы бір мысал ретінде алғаш рет 2003 жылы Мемлекет басшысының бастамасы бойынша өткізілген Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін атап көрсеткен жөн. Съез барысында жалпы және 4 секциялық отырыс жоспар бойынша сәтті жалғасын тапты. Олар «дін көшбасшыларының тұрақтылықты дамытуға қол жеткізудегі рөлі», «Дін және мультикультурализм», «Дін және әйел», «Рухани құндылықтар мен қазіргі заманғы сын тегеуріндер», «Дін және жастар» тақырыптары аясында ұйымдастырылды. «Форумға діни конфессиялар мен ұйымдардың басшылары, белгілі саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, сарапшылар және көптеген шетелдік БАҚ өкілдері қатысты. Жалпы алғанда діни көшбасшылар форумына 30 елден 73-кежуық делегат қатысты [6, 68].

Қазақстан халқының тарихи тәжірибесіне, сандаған ғасырлар бойы бейбіт қатар өмір сүру тәжірибесіне қайырылудан артық ақылды шешім бола қоймас. Осынау ықыластылық мысалдарына бай тәжірибе көп ретте қазақ халқының тамаша қасиеттері – басқа ұлт, наным мен мәдениет адамдарына деген құрметтің арқасында мүмкін болды. Әсіресе XX ғасыр қазақтардың тамаша рухани және жоғары адамгершілік қасиеттерін айқын танытты. Өздері қандай қиын жағдайда болса да өздерінің атамекенінде тарихтың қатал қолымен қуғынға түскен көптеген ұлт өкілдерін лайықты қарсы алып, оларға ұлттық төлтумалығын, тілін, дәстүрін, мәдениеті мен дінін сақтауға мүмкіндік туғызды. Өз кезегінде осындай жақсылыққа сай Қазақстанда өзінің екінші отанын тапқан басқа ұлт өкілдері қазақтар ұсынған мәртебелі рухани заңды бір шаңырақ астында өмір сүрудің өзекті заңы ретінде қабылдады.

Осы айтылғандардың бәрі бүгінде біз Қазақстан халқы деп атайтын тұтас халықтың жанды тәжірибесі болып табылады. Ал саясаттану ғылымының қасаң тілі оны толеранттылық деп атайды. ЮНЕСКО-ға мүше 185 мемлекет 1995 жылғы 16 қарашада Парижде қол қойған Толеранттылық қағидаттарының декларациясында оған мынандай анықтама берілген: «біздің әлем мәдениеттерінің бай сан алуандылығын, біздің өзін-өзі таныту формалары мен адамдық дербестік көріністерінің әдістерін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну. Оған білушілік, ашықтық, араласу және ой, ар-ождан мен сенім бостандығы жағдай жасайды. Толеранттылық – бұл сан алуан тұрғыдағы бостандық. Бұл моральдық парыз ғана емес, сонымен бірге саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық – бұл бейбітшілікке қол жетуін мүмкін етіп, соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен алмастыруға жәрдемдесетін жарылқаушы».

Демек толеранттылықты мәдениеттерде, діндерде, ұлттық тұрпаттарда көрінетін дүниенің сан алуандылығына деген сүйіспеншілік деп қабылдасақ болады. Алайда мұнда бір шектеудің бар екенін естен шығармаған жөн: бұл сан алуандылық адамзаттық ортаның жалпы мойындалған нормаларының шегінен шықпауы тиіс. Толеранттылық қағидатсыздық дегенді емес, мәмілеге келуді көздейді. Мұнда қайырымды Августиннің: «басты мәселеде – бірлік, даулы мәселеде – еркіндік, барлық мәселеде – сүйіспеншілік» деген сөздерін еске алу артық болмайды.

Былай алып қарағанда, бәрі де қарапайым – өзің өмір сүр және басқалардың өмір сүруіне мүмкіндік бер. Өз өмір салтың болсын, нанымың болсын, өз дүниетанымыңды жекелей де көптің алдында да білдір, сонымен бірге басқалардың да дәл осыларға деген құқығын мойында, сонда бәрі де жақсы болады.

Осындай үлгілі өрнекпен құқықтық және саяси тұрғыдан тұрақтылыққа негізделген мемлекет құра білген елімізде «діни толеранттылық» мәдениетін одан әрі дамыту жолдары тарихи сұрлеу негізінде жүзеге асуы тиіс. Діни білім беру мәселесін жолға қоюды біз ханафи бағытындағы Ислам жолымен, Ясауи бабамыздың хәл ілімімен астастырғанда ғана қоғамдық тұрақты дамуды қамтамасыз ете аламыз. Мәдени тұтастық пен діндер аралық келісім қазақ топырағында жерсінген дәстүрлі құндылықтар негізінде өріліп, құқықтық, саяси тұрғыдан мемлекет қолдауына ие болғанда ғана «толеранттылық» мәселесі феноменологиялық ақиқатқа айналары сөзсіз.

Көпұлтты Қазақстан үшін адамдарды «кәпір» мен «мұсылманға» қатаң түрде бөлетін, бөліп қана қоймай «мұсылмандарды» «кәпірлерге» айдап салатын фундаменталистік идеялар ұлттаралық татулыққа, Қазақстан халқының мәдени тұтастығына төнетін ең үлкен қауіп. Сол үшін еліміздегі діни-идеологиялық вакуумді «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дейтін Абайдың көзқарастарымен, «топырақ болғын әлем сені басып өтсін», «Кәпір болса да ешкімге берме зарар» дейтін Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ұстанымымен, яғни далалық дәстүрлі исламмен толтырған ләзім. Дүниежүзінде мемлекеттің ресми дінін белгілеу, сол дінге заң жүзінде мемлекеттік қолдау көрсету тәжірибесі бар, ол тәжірибені геосаяси тұрақтылығын сақтау үшін бірқатар мемлекеттер (Греция, Түркия т.б.) пайдаланып отыр. Ондай заңдар қазір Дағыстанда, Шешенстанда бар. Бірақ бұл елдер тым кеш қимылдағандықтан бұл заңдардан мардымды пайда көріп отырған жоқ. Ал, көпұлтты Қазақстанға кешігуге болмайды. Біз бұл шараларды іске асыру арқылы Қазақстан халқының азаматтық бірлігінің нығаюына кедергі болар бір үлкен бөгетті жоямыз.

Әдебиеттер

- 1 Смагулов Е. К. вопросу о преподавании религиоведения в светских учебных заведениях. // «Қхожа Акхмет Ясауи тағулуы және Қхазакхстандағу діни білім беру маселелері» атту кхалукххаралукх симпозиум материалдарунунг жинағу. – Туркістан: «Туран» баспасу, 2011.
- 2 Щеколдина С. Д. Тренинг толерантности. – Москва: Ось-89, 2004.
- 3 Шәкарім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000.
- 4 Общечеловеческие и национальные ценности в изменяющемся обществе. – Алматы: «Ақыл кітабы», 1997.
- 5 Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: «Атамұра», 2003.
- 6 Абуов А.П. Дінаралық диалог Қазақстандағы мәдениетаралық келісімнің негізі ретінде. «Ислам өркениеті және Қазақстандағы діни мәселелер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009.

References

- 1 Smagulov E. K voprosu o prepodovanii religiovedeniya v svetskix uchebnyx zavedeniyax. // «Khozha Akhmet Yasai ta-gylymy zhane Khazakhstandagy dini bilim beru maseleleri» atty khalykharalykh simpozium materialdarynyng zhinagy. – Turkistan: «Turan» baspasy, 2011.
- 2 Shhekoldina S. D. Trening tolerantnosti. – Moskva: Os’-89, 2004.
- 3 Shakarim. Imanym. –Almaty: Arys, 2000.
- 4 Obshhechelovecheskie i nacionalnye cennosti v izmenyayushhemsya obshhestve. – Almaty: «Akyt kitaby», 1997.
- 5 Nazarbaev N.A. Kriticheskoe desyatiletie. – Almaty: «Atamura», 2003.
- 6 Abuov A.P. Dinaralykh dialog Khazakhstandagy madenietaralykh kelisimning negizi retinde. «Islam orkenieti zhane Khazakhstandagy dini maseleler» atty khalykharalykh gylymi-teoriyalikh konferenciya zhinagy. – Turkistan: «Turan» baspasy, 2009.